



«БЕКІТЕМІН»

«Дарын» РППО директоры

Ф. Тұрсынов

2025 жылғы «6» 01

**2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде»  
республикалық зерттеу жобалары конкурсы туралы  
ЕРЕЖЕ**

**I. Жалпы ереже**

1.1. Осы Ереже 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына (01.09.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), сондай-ақ Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес өзірленді. Ережеде 2-7 сынып оқушыларына арналған "Зерде" республикалық зерттеу жобалары конкурсының (бұдан әрі - Конкурс) мақсаттары мен міндеттері, үйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету, өткізу тәртібі, қаржыландыру, қатысу шарттары, жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібі айқындалады.

1.2. Конкурстың үйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РППО) болып табылады.

1.3. Конкурстың мақсаты балалардың зерттеу дағдыларын дамыту және мектеп оқушыларының интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін ынталандыру.

1.4. Конкурстың міндеттері: Зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытқан қабілетті және дарынды оқушыларды анықтау және оларға қолдау көрсету; Оқушылардың үздік жетістіктерін көрсету және насиҳаттау; Қоғамның интеллектуалдық әлеуетін дамыту мәселесіне көпшіліктің назарын аудару.

**II. Конкурс қатысушылары**

2.1. Конкурсқа 2-7 сынып оқушылары қатыса алады. Олар жеке немесе командалық құрамда (2 қатысушыдан аспайтын) зерттеу жобаларын (бұдан әрі - Конкурс жұмыстары) ұсынады.

2.2. Жетекшілер конкурстың қорытынды кезеңіне дейін, оны өткізу барысында және кері қайту жолында қатысушылардың өмірі мен қауіпсіздігі үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады. Жетекшілер білім басқармасы басшысының бүйрүгімен тағайындалады.

### **III. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

3.1. Конкурсты дайындау және өткізу бойынша жұмыстарды үйлестіру және жүзеге асыру үшін респубикалық ұйымдастыру комитеті құрылады.

3.2. Ұйымдастыру комитеті жыл сайын конкурстың қорытынды кезеңін өткізу мерзімі мен орнын анықтайды, қазылар алқасының құрамын, конкурстың бағдарламасын, қатысушы командалардың тізімін бекітеді, қорытынды шығарады және женімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайтын.

3.3. Қазылар алқасының құрамына жоғары оқу орындарының, колледждердің және мектептердің түрлі ғылым салаларындағы жетекші оқытушылары, әдіскерлері, ғалымдары кіреді. Қазылар алқасының құрамына туыстары немесе тәрбиеленушілері конкурсқа қатысатын тұлғалар кірмейді. Сонымен қатар, респубикалық кезеңнің қазылар алқасы облыстық немесе қалалық кезеңдердің қазылар алқасының құрамында болмауы тиіс.

3.4. Қазылар алқасы қатысушылардың конкурс жұмыстарын тексереді, бағалайды және жүлдегерлерді анықтайтын.

3.5. Конкурс төрт кезеңде өткізіледі:

**I кезең – мектепішілік**, білім беру үйымдарында өткізіледі;

**II кезең – аудандық/қалалық**, білім беру бөлімдері үйымдастырады;

**III кезең – облыстық**, оны жергілікті аймақтық «Дарын» орталықтары, облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, Республикалық білім беру үйымдары (РББҰ), «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйымы («НЗМ» ДББҰ) және «Бебек» Ұлттық ғылыми практикалық білім беру және сауықтыру орталығы («Бебек» ҰҒПББСО) өткізеді;

**IV кезең – респубикалық**, оны «Дарын» РГПО үйымдастырады.

3.6. Қорытынды кезеңде қатысушылар өздерінің конкурс жұмыстарын презентация арқылы қорғайды. Авторға (немесе бірлескен авторларға) баяндама жасау үшін 5-7 минут уақыт беріледі.

3.7. Республикалық кезеңге әр секциядан жас ерекшелігіне қарай екі топтан (*кіши топ – 2-4 сыныптар, ересек топ – 5-7 сыныптар*) тек 1-ші орын иеленген екі ғана жұмыс жолданады. Әр топқа екі жетекші қосылады.

3.8. Конкурстың респубикалық кезеңіне тіркелу және қатысу үшін облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, РББҰ, «НЗМ» ДББҰ және «Бебек» ҰҒПББСО үйымдастыру комитетіне конкурстың басталуына 2 апта бұрын жазбаша өтінімдерді жіберуі тиіс (*1-қосынша*). Үйымдастыру комитетінің мекенжайы: Z05K5K8, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8/1, БЦ «Алтын Орда», каб. 208, тел: +7 (7172) 57-65-63, e-mail: [info@daryn.kz](mailto:info@daryn.kz).

3.9. Облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, РББҰ, «НЗМ» ДББҰ және «Бебек» ҰҒПББСО ұйымдастыру комитетіне I, II, III кезеңдердің қорытынды есептері мен хаттамаларын ұсынады (1-қосыма).

3.10. Конкурсқа ұсынылған жұмыстар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

3.11. Апелляция қарастырылмайды.

#### **IV. Конкурсқа ұсынылатын жұмыстардың талаптары**

4.1. Конкурсқа зерттеу жұмыстары келесі секциялар бойынша қабылданады:

##### **Жаратылыстану-математикалық бағыт**

<b>№</b>	<b>Секция атауы</b>	<b>Пәні, факультатив</b>
1	Математика, қолданбалы математика	математика
2	Физика, космос	физика, технология
3	Туризм және спорт	география, физкультура
4	Химия, биология	жаратылыстану
5	Информатика, робототехника STEM инженерия	информатика, робототехника (факультатив)

##### **Көгамдық-гуманитарлық бағыт**

<b>№</b>	<b>Секция атауы</b>	<b>Пәні, факультатив</b>
1	Қазақ тілі мен әдебиеті	қазақ тілі мен әдебиеті
2	Орыс тілі мен әдебиеті	орыс тілі мен әдебиеті
3	Ағылшын тілі	ағылшын тілі, неміс тілі, француз тілі
4	Тарих, өлкетану	тарих , дуниетану, әдебиет, география
5	Этномәдениеттану	тарих , дуниетану, әдебиет, география
6	Технология және өнер	музыка, еңбекке баулу, бейнелеу өнері
7	Медицина, психология, экология	жаратылыстану, физкультура

#### **Конкурсқа ұсынылатын 5-7 сыныптардың жұмыстарына қойылатын талаптар**

4.2. Әрбір бағыт бойынша зерттеу жұмыстары теориялық, эксперименттік, немесе шығармашылық (жасампаздық) негізде орындалуы тиіс. Жұмыс қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады және көлемі 15 беттен аспауды керек. Беттерді нөмірлеу және жиектерді қалдыру міндетті.

4.3. Конкурстық жұмысқа жетекшінің пікірі қоса беріледі. Пікірде таңдалған тақырыптың маңыздылығы, автордың жұмысына қосқан жеке үлесі, артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетілуі қажет. Барлық кезеңдерде бұрын басқа конкурстарда ұсынылған жұмыстар қабылданбайды. Зерттеу барысында plagiatқа, мәліметтер мен нәтижелерді бұрмалауға жол берілмейді. Мұндай фактілер анықталған жағдайда, ұйымдастыру комитеті акт толтырып, жұмысты конкурсқа қатысадан шеттетуге құқылы.

4.4. Титул параграфында келесідей ақпарат көрсетілуі тиіс:

- жұмыс орындалған білім беру ұйымының толық атауы;
- жұмыстың тақырыбы;
- бағыты;
- орындаушының аты-жөні, сыйныбы, мектебі, (*қаласы, ауданы, облысы*);
- жұмыстың жетекшісі (*аты-жөні, қызметі, жұмыс орны*);
- жұмыс орындалған жыл.

4.5. Ғылыми жетекші алынған нәтижелердің дұрыстығын қамтамасыз етеді және жұмыста дипломдық жұмыстардан, магистрлік немесе кандидаттық диссертациялардан, ғылыми ұжымдардың есептерінен немесе басқа көздерден алынған көшірілген материалдар болмауын растайды. Оқушы зерттеу қызметінің жаңа білімі мен дағдыларын игеріп, өз деңгейіне сай жұмысты өз бетінше орындауы қажет.

### **Жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар:**

- Шрифт: *Times New Roman*;
- Қаріп өлшемі: 14 кегль;
- Жол аралығы: 1,5 см;
- Абзац шегінісі: 1,25 см;
- Жиектер: жоғарғы, төменгі, он жағы – 2 см, сол жағы – 3 см;
- Беттерді нөмірлеу: төменгі ортада. Титул параграфы нөмірленбейді, келесі беттен бастап нөмір 2-ден басталады.

### **Жұмыс мына бөлімдерді қамтуы қажет:**

- **Титул параграфы;**
- **Мазмұны;**
- **Аннотация** (*ересек топ – 5-7 сыйнаптарға*): 200 сөзден аспауы керек, жұмыстың негізгі ережелерін қысқаша мазмұндау (*зерттеу жұмысының қай тілде жазылғанына байланысты қазақ немесе орыс тілдерінде жазылады*);
- **Кіріспе:** жұмыстың өзектілігі, зерттеу мәселесінің маңыздылығы, әдеби деректерге (*отандық және шетелдік*) қысқаша шолу;

- **Зерттеу бөлімі:** тақырыпты таңдаудың негізdemесі, зерттеу материалдары мен әдістері, эксперименттік бөлім, жұмыс нәтижелері және олардың талқылануы;
- **Қосымша:** көрнекі материалдар, фотосуреттер, диаграммалар, зерттеу күнделігі, бейне схемалар, суреттер немесе макеттер;
- **Қорытынды:** алынған нәтижелер мен ұсынымдар;
- **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.**

### **Презентацияны рәсімдеуге қойылатын талаптар:**

- Титул парагында жұмыстың тақырыбы көрсетілуі керек.
- Фон мен мәтіннің түсі бір-біріне қарама-қайшы болуы қажет (*мысалы, ақ фон – қара мәтін*).
- Презентация 6 слайдтан аспауы керек.

### **Слайдтарды дайындау барысында назар аударыңыз:**

1. Анимациялық эффектілерді шамадан тыс қолданбаңыз.
2. Қысқа әрі нақты сөздер мен сөйлемдерді пайдаланыңыз.
3. Слайд тақырыптарын анық әрі айқын бөліп көрсетіңіз.
4. Қаріп: *Times New Roman*, өлшемі – 20, жол аралығы – 1,5 см.
5. Бір слайдты артық ақпаратпен жүктеменіз, қысқа және мағыналы етіп жасаңыз.

### **Жұмыс құрылымы келесі бөлімдерді қамтуы қажет:**

- Мақсат-міндеттер;
- Өзектілігі;
- Зерттеу сұрақтары (*гипотеза*);
- Әдістер, амалдар, кезендер (*процедуралар*);
- Қорытындылар мен нәтижелер.

**Қорғау барысында** конкурстық жұмыстың презентациясын қолдау үшін келесідей материалдарды қолдануға болады:

- көрнекі материалдар;
- фотосуреттер;
- диаграммалар;
- зерттеу күнделігі;
- бейне схемалар;
- Суреттер немесе макеттер және басқа да иллюстрациялар.

4.6. Оқушылардың жұмысы олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі қажет.

### **Конкурсқа ұсынылатын 2-4 сыныптардың жұмыстарына қойылатын талаптар**

- 4.7. Зерттеу жұмыстары теориялық, эксперименттік немесе шығармашылық негізде орындалады. Жұмыс қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады.
- 4.8. Конкурстық жұмысқа жетекшісі пікір береді. Пікірде төмендегілер көрсетілуі керек:
  - Тақырыптың өзектілігі;

- Автордың жеке қосқан үлесі;
- Жұмыстың артықшылықтары мен кемшіліктері.

**Ескерту:** Зерттеу жұмыстарының барлық кезеңдерінде бұрын басқа конкурстарда ұсынылған жұмыстар қабылданбайды. Зерттеу барысында плағиат, мәліметтерді бұрмалау сияқты жағдайларға жол берілмейді. Мұндай фактілер анықталған жағдайда, ұйымдастыру комитеті акт жасау арқылы жобаны конкурстан шеттетуге құқылды.

4.9. Фылыми жетекші жұмыстағы нәтижелердің дұрыстығын қамтамасыз етуі тиіс. Оқушы өз деңгейіне сәйкес, жаңа білім мен дағыларды игере отырып, жұмысты өз бетінше орындауы қажет.

### **Конкурстық жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар:**

- **Шрифт:** Times New Roman, қаріп өлшемі – 14 кегель;
- **Жол аралығы:** 1,5 см;
- **Абзац шегінісі:** 1,25 см;
- **Өрістер:** жоғарғы, төменгі, он жағы – 2 см, сол жағы – 3 см;
- **Бет нөмірлеу:** Беттер төменгі ортада нөмірленеді. Титул параграфы нөмірленбейді; келесі беттен бастап 2-ден нөмірленеді.

### **Жұмыс құрылымы:**

#### **1. Титул параграфы:**

- Жұмыс орындалған білім беру үйімінің атауы;
- Жұмыстың тақырыбы;
- Бағыты;
- Орындаушының аты-жөні, сыныбы, мектебі, ауданы, облысы;
- Жетекшінің аты-жөні, қызметі, жұмыс орны;
- Жұмыс орындалған жыл.

#### **2. Мазмұны.**

#### **3. Аннотация:**

- **Бастауыш сыныптар үшін** (*кіши топ – 2-4 сыныптарға*) – 120-150 сөз. Аннотацияда жұмыстың негізгі ережелерінің қазақ немесе орыс тілдеріндегі қысқаша мазмұны беріледі.
- Аннотация құрылымы:
  - Мақсат-міндеттер;
  - Өзектілігі;
  - Зерттеу сұрақтары (гипотеза);
  - Әдістер, амалдар, кезеңдер (процедуралар);
  - Қорытындылар мен нәтижелер.

#### **4. Өнім жоба:**

- Көрнекі материалдар;
- Фотосуреттер;
- Диаграммалар;
- Зерттеу күнделігі;
- Бейне схемалар;
- Суреттер немесе макеттер.

#### **5. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.**

## **Презентацияны рәсімдеуге қойылатын талаптар:**

- **Титул тақырыбы:** Презентацияның негізгі тақырыбы қысқа және нақты көрсетілуі тиіс.
- **Фон мен мәтіннің түсі:** Бір-біріне қарама-қайшы болуы керек (*мысалы, ақ фон – қара мәтін*).
- **Слайд саны:** Презентация 5 слайдтан аспауы тиіс.

## **Слайдтарды әзірлеу кезінде назар аударыныз:**

1. Анимациялық эффектілерді шамадан тыс қолданбаңыз.
2. Қысқа сөздер мен сөйлемдерді пайдаланыңыз.
3. Әр слайдтың тақырыбын айқын бөліп көрсетіңіз.
4. **Шрифт:** Times New Roman, қаріп өлшемі – 20 кегль, жол аралығы – 1,5 см.
5. Бір слайдқа шамадан тыс ақпарат жүктеменіз.

## **Қорғау барысында:**

Конкурстың жұмыстың презентациясына келесідей материалдарды қосу ұсынылады:

- көрнекі материалдар;
- фотосуреттер;
- диаграммалар;
- зерттеу күнделігі;
- бейне схемалар;
- суреттер немесе макеттер.

4.10. Оқушылардың жұмысы олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы міндетті.

## **V. Қорытындысын шығару және марапаттау**

### **5.1. Конкурс жұмыстарын бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:**

Жобаларды бағалау кезінде тақырыптың өзектілігі мен жаңашылдығы, жұмыстың нәтижелілігі, зерттеу әдістемесінің дұрыстығы және мазмұнның сауаттылығы ескеріледі. Соңдай-ақ, қатысушының ақпаратты дұрыс пайдаланып, ойын еркін жеткізе білуі, көрнекі құралдарды қолдануы және сұрақтарға жауап беру қабілеті бағаланады. Жұмыстың жалпы құрылымы мен этикалық талаптарға сай болуы да маңызды. (1-кесте: бағалау критерийлері).

### **5.2. Женімпаздарды анықтау:** Женімпаздар әрбір секция және жас ерекшеліктеріне сәйкес екі категория бойынша анықталады:

- 2-4 сынып оқушылары;
- 5-7 сынып оқушылары.

Конкурстың қорытынды кезеңіндегі жеңімпаздар саны қатысушылардың жалпы санының **60%-ын** құрауы тиіс. Жүлдегерлер I, II, III дәрежелі дипломдармен және «Дарын» РЕПО-ның грамоталарымен марапатталады.

5.3. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

## **VI. Қаржыландыру**

6.1. Іс-шараны қаржыландыру бекітілген сметаға сәйкес жүзеге асырылады.

**2-7 сыйнып оқушылары арасында «Зерде»  
республикалық зерттеу жобалары конкурсының  
БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРИ**

<b>№</b>	<b>Жобаны бағалау критерийлері</b>	<b>Бағалау критерийінің мазмұны</b>	<b>Ұпай саны (жеке)</b>	<b>Ұпай саны (команд)</b>
1	<b>Ақпаратты іздеу, іріктеу және дұрыс пайдалану (2 ұпайга дейін)</b>	Материалдың жеткілікті көлемі сенімді қорытынды жасауға мүмкіндік береді.	0-ден 2-ге дейін	0-ден 2-ге дейін
2	<b>Мәселені қою (2 ұпайга дейін)</b>	Мәселе нақты анықталып, негізделген, гипотеза (гипотезалар) ұсынылған, гипотезаны дәлелдеу/жоққа шығару үшін егжей-тегжейлі іс-кимыл жоспары жасалған.	0-ден 2-ге дейін	0-ден 2-ге дейін
3	<b>Жобаның тақырыбының өзектілігі мен маңыздылығы (2 ұпайга дейін)</b>	Жобаның тақырыбының өзектілігі мен маңыздылығы жан-жақты ашылып, негізделген, тақырып оқушы үшін ғана емес, мектеп пен қала үшін де маңызды.	0-ден 2-ге дейін	0-ден 2-ге дейін
4	<b>Жұмыс барысын талдау, қорытындылар мен перспективалар (2 ұпайга дейін)</b>	Зерттеулердің барысы тольк талданып, қажетті қорытындылар жасалған, жұмыс перспективалары айқындалған.	0-ден 2-ге дейін	0-ден 2-ге дейін
5	<b>Автордың жеке қызығушылығы, жұмысқа шығармашылық көзқарасы (2 ұпайга дейін)</b>	Жұмыс шығармашылық көзқараспен ерекшеленеді, автор жобаның идеясына деген өзіндік түпнұсқа көзқарасын көрсеткен.	0-ден 2-ге дейін	0-ден 2-ге дейін
6	<b>Жобаның тақырыбын ашу тереңдігі (2 ұпайга дейін)</b>	Жобаның тақырыбы жан-жақты ашылған, автор мектеп бағдарламасынан тыс терең білімін көрсеткен.	0-ден 2-ге дейін	0-ден 2-ге дейін
7	<b>Зерттеу әдістемесі (2 ұпайга дейін)</b>	Қолданыстағы әдістемелер өзгертіліп немесе бейімделген.	0-ден 2-ге дейін	0-ден 2-ге дейін
8	<b>Жобалық өнімнің сапасы</b>	Жобалық өнімнің практикалық маңызы бар, оны әртүрлі салаларда қолдануға болады.	0-ден 2-ге дейін	0-ден 2-ге дейін

	(4 үтпайға дейін – командалық, 6 үтпайға дейін – жеке)	Нәтижелер аналитикалық және эксперименттік жолмен, модельдеу әдістерімен, эмпирикалық деректерді статистикалық өңдеу немесе практика арқылы расталған.	0-ден 4-ке дейін	0-ден 2-ге дейін
9	<b>Көрнекі құралдарды, техникалық құралдарды пайдалану (2 үтпайға дейін)</b>	Көрнекілік құралдары қолданылған, презентация дизайнына қойылатын негізгі талаптар сақталған, материалды ұсыну қысынды, презентация мен баяндама мәтіні толық сәйкес келеді.	0-ден 2-ге дейін	0-ден 2-ге дейін
10	<b>Жазбаша жұмыстың рәсімделу талаптарына сәйкестігі (2 үтпайға дейін)</b>	Жұмыс жобалық жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді.	0-ден 2-ге дейін	0-ден 2-ге дейін
11	<b>Мазмұның тақырыпқа сәйкестігі (2 үтпайға дейін)</b>	Мазмұны анықталған тақырыпқа, мақсаттарға және міндеттерге толық сәйкес келеді.	0-ден 2-ге дейін	0-ден 2-ге дейін
12	<b>Корғау сценарийі (баяндау логикасы), баяндаманың сауатты құрылуы (2 үтпайға дейін)</b>	Тақырып пен жұмыс мазмұны жан-жақты ашылған. Жұмыс барысында қалыптасқан жағдайлардың талдауы ұсынылып, қажетті қорытындылар жасалған, болашаққа жоспарлар белгіленген.	0-ден 2-ге дейін	0-ден 2-ге дейін
13	<b>Зерттеу жұмысының жүйелілігі (6 үтпайға дейін – командалық, 8 үтпайға дейін – жеке)</b>	Алынған нәтижелердің егжей-тегжейлі сипаттамасы берілген. Жұмыс істең тұрган улгінің/макеттің/модельдің фото және бейнематериалдарымен расталған.	0-ден 2-ге дейін	0-ден 2-ге дейін
		Жобаны іске асыру жоспары, қажетті ресурстар, даму перспективалары негізделген.	0-ден 2-ге дейін	0-ден 2-ге дейін
		Тәжірибеде қолданылатын шешімдердің егжей-тегжейлі талдауы, ұсынылған шешімнің артықшылықтарын көрсететін аналогтардың салыстырмалы	0-ден 4-ке дейін	0-ден 2-ге дейін

		кестесі бар. Шығармашылық пен жаңашылдық байқалады.		
14	<b>Нақтылық пен дәлдік, сенімділік пен қысқалық (2 ұпайга дейін)</b>	Барлық сөйлеу элементтерінің мазмұны жұмыс туралы толық түсінік береді; сөйлеу мәдениеті, ауызша және жазбаша тілдің нақтылығы, сөйлеудің анықтығы мен қысқалығы байқалады; баяндама барысында тақырыптан немотивтен ауытқулар жок.	0-ден 2-ге дейін	0-ден 2-ге дейін
15	<b>Сұрақтарға жауап беру, өз көзқарасын корғау қабілеті (2 ұпайга дейін)</b>	Автор материалды жақсы меңгергенін көрсетеді, өзінің көзқарасын дәлелді әрі толық негіздейді.	0-ден 2-ге дейін	0-ден 2-ге дейін
16	<b>Ұжымдық жұмыс (тек командалық) (4 ұпайга дейін)</b>	<p>Әр қатысуышының функциялары анықталған.</p> <p>Корытынды жұмыс – бұл жобаның әрбір мүшесінің келісілген күш-жігері мен қатысуының нәтижесі.</p>		0-ден 2-ге дейін
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>командалық – 40 ұпай,</li> <li>жеке – 40 ұпай.</li> </ul>		
	0-жок	1-ішінара	2-толық сәйкес келеді	

№	1-7, 9-12,14,15	8 тармақ	13 тармақ	16 тармақ	Барлығы
командалық	2*13=26 ұпай	4 ұпай	6 ұпай	4 ұпай	40 ұпай
жеке		6 ұпай	8 ұпай		40 ұпай